Сіздің тұмшاپешиңіз күнделікті тамақ жасағанда қауіпсіз жұмыс істеу үшін мұқият жобаланған. Оны пайдаланғанда қауіпсіздік техникасы қағидалары бойынша келесі кеңестерді сақтаңыз:

ЕСКЕРТУ



Электр тогынан зақымдану қаупі
Шамын ауыстырар алдында тұмшاپешті сөндіріп, салқындауына мүмкіндік беріңіз. Бұл ұсынысты сақтамау электр тогы соғуына немесе өлімге әкелуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ



Кесіп алу қаупі
Абайлаңыз, құрылғының өткір жиектері бар. Қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтамау кесіп алуға немесе басқа жарақаттарға әкелуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ



Тұтану қаупі
Ас әзірлегенде тұмшاپештің төменгі бөлігіне алюминий фольга, ыдыс, поднос, су немесе мұз қоймаңыз - бұл эмальдың біржола бүлінуіне әкеледі. Тұмшاپештің қабырғаларын фольгамен құрсау тұтануға әкелуі мүмкін. Бұл құрылғыны бөлмені қыздыру не жылыту үшін пайдаланбаңыз.
Бұл күйіп қалуға немесе өртке әкелуі мүмкін. Құрылғының ішінде немесе оның бетінде сақтау:
тұмшاپеш ішінде не оның бетінде тез тұтанатын материалдар сақтауға тыйым салынады.
Бұл ұсынысты сақтамау қызып кетуге, күйіп қалуға және жарақатқа әкелуі мүмкін.



Ыстық бет

Жұмыс кезінде ашық бөліктер қатты қызуы мүмкін. Күйіп қалудан сақтау үшін балалардың тұмшاپешке жақындауына жол бермеңіз.

Тұмшاپештің сөрелері немесе ыдыс сияқты ыстық беттермен жұмыс істегенде қолғап, тұтқыш немесе басқа қорғаныс құралын пайдаланыңыз.

Тұмшاپештің есігін ашқанда сақ болыңыз. Тағамды алу немесе ауыстыру алдында ыстық ауаны немесе буды шығарыңыз.

Тұмшاپештің қыздыру элементтеріне немесе ішкі беттеріне қол тигізбеңіз. Қыздыру элементтері күңгірт түсті болса да, ыстық болуы мүмкін. Тұмшاپештің ішкі беттерінің қатты қызатыны соншалық, күйіп қалуға болады.

Тұмшاپештің қыздыру элементтері немесе ішкі беттері салқындау үшін жеткілікті уақыт өткенше оларға қол тигізбеңіз және киімнің немесе басқа тез тұтанатын материалдардың жанасуына жол бермеңіз.

Құрылғының басқа беттері де қатты қызып, күйдіруі мүмкін.

Сондай-ақ тұмшاپештің желдеткіш тесіктері, желдеткіш тесіктерге жақын беттері және есігі қатты қызуы мүмкін. Осы ұсыныстарды орындамау күйіп қалуға және ыстық бу шарпуына әкелуі мүмкін.

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ БОЙЫНША МАҢЫЗДЫ НҰСҚАУЛАР

Тұмшاپешті қолданғанда өрт шығу, электр тогы соғу, адамдардың жарақат алуы немесе мүліктің бүлінуі сияқты қауіптерді азайту үшін қауіпсіздік туралы мына маңызды ережелерді сақтаңыз:

- ▶ Тұмшاپешті пайдаланар алдында нұсқаулықты толық оқыңыз. Тұмшاپешті тек тікелей мақсаты бойынша осы нұсқаулыққа сәйкес пайдаланыңыз.
- ▶ Дұрыс орнату: құрылғыны тиісті дәрежеде білікті маман орнатуға және жерге тұйықтауға тиіс.
- ▶ Ажыратқыш: тұмшاپеш қуат көзінен толық ажыратуды қамтамасыз ететін автомат-сөндіргіші бар желіге қосылуға тиіс.
- ▶ Тұрмыстық техника балалар ойынына арналмаған.

- ▶ Балаларды тұмшапештің жанында қараусыз қалдырмаңыз. Құрылғы жұмыс істеп тұрған бөлмеде балаларды жалғыз немесе қараусыз қалдыруға болмайды. Балаларға құрылғының қандай да бір бөлігіне отыруға немесе тұруға рұқсат бермеңіз.
- ▶ Егер үнемі бақылауда болмаса, 8 жасқа дейінгі балаларды құрылғыға жолатпаңыз. Бұл құрылғыны 8 жасқа толған және одан асқан балалар, сонымен қатар физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі немесе тәжірибесі мен білімі жеткіліксіз тұлғалар қадағалаумен немесе құрылғыны қауіпсіз қолдану туралы ескерту алған және онымен байланысты қауіптер барын түсінген жағдайда пайдалана алады. Балаларға ересектердің қарауынсыз құрылғыны тазалауға немесе күтім жасауға тыйым салынады.
- ▶ Тұмшапештің есігіне ауыр заттар қоймаңыз.
- ▶ Ыңғайлы киім киіңіз. Құрылғыны пайдаланған кезде тым кең киім немесе салбырап тұрған элементтері бар киім киюге болмайды. Олар ыстық элементтерге немесе беттерге тигенде жануы немесе еруі мүмкін, бұл күйік тудыруы мүмкін.
- ▶ Пайдаланушыларға қызмет көрсету: осы нұсқаулықтағы тиісті нұсқауларды есепке алмағанда, құрылғыны жөндемеген және қандай да бір бөлігін ауыстырмаған жөн. Кез келген басқа қызметті білікті техникалық маман атқаруға тиіс.
- ▶ Тұтанған майды немесе тоң майды сумен сөндіруге тырыспаңыз. Өртті сөндіру үшін құрғақ химиялық немесе көбікті өртсөндіргіш пайдаланыңыз.
- ▶ Тек құрғақ қолғап немесе қапсырғыш пайдаланыңыз. Ылғал қолғапты ыстық беттерге тигізу бұға күйіп қалуға әкелуі мүмкін. Тұтқыш ыстық аумақтарға немесе қыздыру элементтеріне тиіп кетпейтініне көз жеткізіңіз. Тұтану қаупіне байланысты сүлгіні немесе көлемді шүберекті тұтқыш ретінде пайдаланбаңыз.
- ▶ Тұмшапеште тамақ өнімдері бар жабық контейнерлерді жылытпаңыз. Контейнердегі қысым контейнердің қас қағымда бұзылуына және жарақатқа әкелуі мүмкін.
- ▶ Тамақ өнімдерін қолданғанда: азық-түлікті тұмшапешке дайындар алдында ғана салыңыз және дайын болған соң бірден алыңыз. Бұл тамақтан улануға әкелуі мүмкін бактериялардың көбеюіне жол бермеу үшін қажет. Әсіресе, жылы ауа райында абай болыңыз.

- ▶ Тұмшапештің желдеткіш тесіктерін әрдайым ашық күйде ұстаңыз.
- ▶ Сыртқы таймері немесе бөлек қашықтан басқару жүйесі бар құрылғыны пайдаланбаңыз.
- ▶ Назар аударыңыз: тұмшапешті суытқанда оның жоғарғы жағындағы желдеткіштен ыстық ауа шығуы мүмкін.
- ▶ Сөрелерді орналастыру: сөрелерді тек суыған тұмшапешке орнатыңыз (алдын ала қызғанға дейін). Егер тұмшапеш ыстық болып тұрғанда торды алып тастау керек болса, тұтқыштың ыстық қыздыру элементтерімен жанасуына жол бермеңіз.
- ▶ Тұмшапештің нығыздауыштарын тазартқыш құрал көмегімен тазаламаңыз және жумаңыз. Бұл тұмшапештің тиімді жұмыс істеуіне кепіл болатын нығыздауыштарды сақтау үшін маңызды. Нығыздауыштарды ысқылауға, бүлдіруге немесе жылжытуға тыйым салынады.
- ▶ Егер құрылғы зақымдалса немесе дұрыс жұмыс істемесе, оны орнатпаңыз және пайдаланбаңыз. Егер сіз зақымдалған құрылғы алсаңыз, дереу өз дилеріңізге немесе орнатушыға хабарласыңыз.
- ▶ Күйіп қалмау үшін бу генераторы қосулы тұрған кезде тұмшапешті ашпаңыз.
- ▶ Тұмшапешке арналған, агрессивті/абразивті тазартқыш, балауыз немесе жылтыратқыш пайдаланбаңыз. Тұмшапешті тазалау үшін қаптауға арналған кез келген материалды, қорғаныс жабындарын және тұрмыстық құралдарды пайдалануға тыйым салынады. Тұмшапеш есігінің әйнегін тазарту үшін қатты/абразивті тазартқыштарды, жуғыш заттарды немесе үшкір металл қырғыштарды пайдаланбаңыз, өйткені олар бетті тырнап, есіктің әйнегі сынуы мүмкін.
- ▶ Тек бөлшектерін осы нұсқаулыққа сәйкес тазалауға болады.
- ▶ Тұмшапештің кез келген бөлігін тазалау үшін бутазартқыш пайдалануға тыйым салынады.
- ▶ Балаларға қажет болуы мүмкін заттарды тұмшапеш үстінде сақтамаңыз. Балалар тұмшапештің үстіне шығып, күйіп қалуы немесе жарақат алуы мүмкін.
- ▶ Тұмшапеште қолдануға рұқсат етілген пісіруге арналған ыдысты ғана пайдаланыңыз. Пісіруге арналған ыдыс өндірушісінің нұсқауларын орындаңыз.
- ▶ Өтпелі сомындардың бүйірлік тіреуден алынып, қоса берілген металл бекіткіш сомындарға ауыстырылғанына көз жеткізіңіз.
- ▶ Осы тұмшапеш үшін ұсынылған термосүңгіні ғана пайдаланыңыз.

ЕСКЕРТУ!



Электр тоғынан зақымдану қаупі
Техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу жүргізу алдында құрылғыны міндетті түрде қуат желісінен ажыратыңыз. Жерге дұрыс тұйықтау маңызды және міндетті саналады. Электр сымдарының ішкі жүйесіне тек білікті электршінің өзгеріс енгізуіне рұқсат етіледі. Бұл кеңесті сақтамау электр тоғы соғуына немесе өлімге әкелуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ!



Тұтану қаупі
Құрылғыны электр желісіне қосу үшін ауыстырып-қосқыш, түрлендіргіш немесе тармақтайтын құрылғы қолданбаған жөн.
Бұл талапты орындамау құрылғының қызып кетуіне, тұтануына немесе өрт шығуына себеп болуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ!



Кесіп алу қаупі. Абайлаңыз, құрылғының өткір жиектері бар. Қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтамау кесіп алуға немесе басқа жарақаттарға әкелуі мүмкін.

ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ НҰСҚАУЛАР

- ▶ Қауіпсіздік мақсатында тұмшапешті орнатпас немесе пайдаланбас бұрын осы нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз.
- ▶ Бұл ақпаратты монтаж жасайтын тұлғаға хабарлаңыз – бұл құрылғыны орнатуға кететін шығынды азайтуы мүмкін.
- ▶ Тұмшапешті орнату және электр желісіне қосу әрекетін білікті маман осы монтаж бойынша нұсқауға және қолданыстағы құрылыс және электротехникалық нормативтерге сәйкес орындауға тиіс.
- ▶ Құрылғыны дұрыс орнатпау кепілдік күшін жоюға әкелуі мүмкін.
- ▶ Егер қуат кабелі зақымдалса, қауіпті жағдайдың алдын алу үшін оны тек өндіруші, сервистік орталықтың өкілі немесе басқа білікті маман ауыстыруға тиіс. Автомат-ажыратқыш: тұмшапешті жергілікті электр сымдарының нормаларына сәйкес қуат көзінен толық ажыратуды қамтамасыз ететін ажыратқышы бар желіге қосу керек. Тұмшапеш жерге тұйықталуға тиіс.
- ▶ Қаптаманы тиісті түрде кәдеге жаратыңыз.
- ▶ Қоршаған ортаға әсерін азайту үшін мүмкіндігінше қаптау материалдарын қайта өңдеуге өткізіңіз.
- ▶ Бұл өнім тек тұрмыста пайдалануға арналған және өнеркәсіптік немесе коммерциялық мақсатта қолданылмайды.
- ▶ Құрылғыны онда көрсетілген манипуляциялық белгілерге сәйкес зауыттық қаптамада тасымалдау және сақтау қажет.
- ▶ Тиегенде, түсіргенде және тасымалдағанда сақтық танытыңыз.
- ▶ Тасымалдағанда және сақтағанда құрылғыны атмосфералық жауын-шашыннан және механикалық зақымданудан сақтау қажет.



ҚҰРЫЛҒЫНЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ



Ескі тұрмыстық техниканы әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге кәдеге жаратпаған жөн. Оны электр жабдықтарын жинайтын және өңдейтін орталыққа өткізіңіз.

Құрылғыдағы, пайдалану жөніндегі нұсқаулықтағы немесе қаптамадағы символ қайта өңдеуге жарайтынын білдіреді. Тұмшапеш ішінде қолданылатын материалдар қайта өңдеуге жарайды және тиісті заттаңбасы бар. Ұсталған құрылғының материалдарын немесе бөлшектерін қайта өңдеуге бергенде қоршаған ортаны қорғауға елеулі үлес қосасыз. Ұсталған электр жабдықтарын кәдеге жарататын орталықтар туралы мәліметті жергілікті әкімшілік органдарынан алуға болады.

ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ГАБАРИТТЕРІ ЖӘНЕ ӨЛШЕМДЕРІ =




ТҰМШАПЕШТІ ҚАПТАМАДАН АЛУ

МАҢЫЗДЫ!

КӨТЕРУ: Тұмшапешті есігінің тұтқасынан көтермеңіз. Корпустың бүйір жағындағы тұтқаларды пайдаланыңыз (егер бар болса).

- ▶ Бүкіл қаптаманы алып, барлық қажет талапты сақтай отырып, кәдеге жаратыңыз. Мүмкіндігінше орау элементтерін қайта өңдеуге тапсырыңыз.
- ▶ Төменгі шетіне зақым келтірмеу үшін қаптамадан алған тұмшапешті ағаш блоктарға немесе ұқсас тіректерге қойыңыз.



МАҢЫЗДЫ!

Тұмшапешті қораптан шығарғанда төменгі шетін зақымдамауға тырысыңыз. Тұмшапештің бұл бөлігі дұрыс желдету және артық конденсатты жою үшін маңызды.

ЖИЫНТЫҚТАЛУЫ

Аксессуарлар тізімі	Терең қаңылтыр таба тағам сапасының барынша	Ас пісіруге арналған қаңылтыр таба	Топ	Бу генераторының қақпағы (тек HOQ-F6QS үшін)	Серелерге арналған бекіткіштер	Бұрандалар
Саны	1	1	1	1	1 жұп	2

МАҢЫЗДЫ!


Ас әзірлегенде қаңылтыр табалар деформациялануы мүмкін. бұл қалыпты құбылыс – салқындаған соң олар бастапқы пішінін қалпына келтіреді.

ҚУАТ КӨЗІНЕ ҚОСУ

МАҢЫЗДЫ!

- ▶ Тұмшاپешті электр желісіне тек білікті маман қосуға тиіс.
- ▶ Тұмшاپеш жерге тұйықталуға тиіс.
- ▶ Тұмшاپешті электр желісіне қосар алдында ішкі сым жүйесі пештің қуатына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз (паспорт кестесінде көрсетілген).
- ▶ Іс жүзіндегі кернеу паспорт кестесінде көрсетілген мәнге сәйкес келуі керек.

Модельдің белгіленуі	Көлемі	Номинал қуаты	Номинал кернеуі	Номинал жиілігі
HOQ-F6QSN3GB HOQ-F6QSN3WB HOQ-F6QSN3GG HOQ-F6QSN3DG HOQ-F6QAN3GB HOQ-F6QAN3WB HOQ-F6QAN3GG HOQ-F6QAN3DG	72 л	3480 Вт	220-240 В~	50/60 Гц



Қуат сымын клеммалы қорапқа қосыңыз. Кабель қысқышы бұранда көмегімен тартылғанына көз жеткізіңіз.

ТҰМШАПЕШТІ АСҮЙ ЖИҒАЗЫНЫҢ ІШІНЕ ОРНАТУ

1. Тұмшапешті дайындалған қуысқа орнатыңыз.

МАҢЫЗДЫ!


Тұмшапешті есігінің тұтқасынан көтермеңіз.

2. Тұмшапештің есігін толық ашыңыз.


3. Тұмшапешті асүй жиғазының қуысына бекіту үшін жинаққа кіретін бұрандаларды қолданыңыз.

МАҢЫЗДЫ!


- ▶ Бұрандаларды тым қартты тартпаңыз.
- ▶ Тұмшапешті қуысқа силикон не желім көмегімен бекітпеңіз. Бұл болашақта қызмет көрсетуді қиындатады. Naier компаниясы тұмшапешті бөлшектеу немесе бөлшектеу барысында келген шығындар үшін жауапкершілік арқаламайды.




КІРІСПЕ



Қыздыру жүйесі




Сөрелердің орналасуы



БАСҚАРУ ПАНЕЛІ

HOQ-F6QS




Дисплей индикаторы




БАСҚАРУ ПАНЕЛІ

HOQ-F6QA



Дисплей индикаторы




ПАЙДАЛАНУДЫ БАСТАУ

Тұмшапешті бірінші рет қосқанда немесе қуат көзінен ажыратқаннан кейін пайдалану үшін сағатын баптау керек.


1. Сағатын баптау

1. Дисплейде 12:00 жыпылықтап тұр
2. Көмегімен  уақыт белгілеңіз.
3. Растау үшін реттегішті басыңыз  әйтпесе, белгіленген уақыт автоматты түрде расталады.



2. Уақытты өзгерту

1. 3 функцияның бірін басы арқылы таңдай аласы  /  (НОQ-F6QS үшін).
Дисплейде индикатор пайда болған кезде саусағыңызды алыңыз .
2. Уақыт , белгілеу үшін бұраңыз. Уақыт сіз саусағыңызды басқару панелінен алған соң 6 секундтан кейін автоматты түрде расталады.



3. Тұмшапеш жұмысын басқару

1. Қуат көзіне бірінші рет қосқанда құрылғы күту режиміне өтеді, ал дисплейге 1 с бойы бүкіл белгі шығады, зуммер сигналы естіледі, сағат стандартты 12:00 уақытын көрсетеді және сандар жыпылықтайды.
2. Құрылғыны күту режимінде қосу үшін қуат батырмасын 1 секунд басып тұрыңыз. Қосқаннан кейін үнсіз келісім бойынша бірінші функция таңдалады
- 3 Тұмшапеш функциясын таңдау үшін  басыңыз.
- 4 Түртіңіз  / , температура мен сәйкес уақытты көмегімен таңдау үшін .
5. Батырманы бір рет басыңыз  тұмшапеш жұмыс істей бастайды. Жұмысын тоқтата тұру үшін батырманы  басыңыз. Жұмысты аяқтау үшін батырманы  3 секунд басып тұрыңыз.
6. Басыңыз  функция таңдау мәзіріне оралу үшін.

4. Тұмшапешті жұмысқа дайындау

Тұмшапешті ас әзірлеу немесе пісіру үшін бірінші рет қолданар алдында оны дайындау керек. Дайындық зауыттық өңдеу қалдықтарын жоюға мүмкіндік береді. Бұл ең басынан жақсы нәтиже алуға кепілдік береді.



1. Басыңыз , Пісіру функциясын  арқылы таңдау үшін . Әр режимнің алдын ала бекітілген қызу температурасы бар және Пісіру режимінде тұмшапеш 180 °C-қа дейін қыза бастайды.

2. Түртіңіз  / , арқылы 200°C температура орнату үшін . Басыңыз , тұмшапеш жұмыс істей бастайды.

- ▶ Қызғанда температура индикаторы шынайы және белгіленген температураны кезек-кезек көрсетіп тұрады.
- ▶ Белгіленген температураға жеткенде, дыбыстық сигнал беріледі.

Индикатор берілген температура мен қалған уақытты кезке-кезек көрсете бастайды.

3. 30 минуттан кейін Конвекциялық гриль режимін таңдаңыз . 200 °C температураны 5 минутқа қалдырыңыз.

4. 5 минуттан кейін Мәжбүрлі конвекция режимін қосыңыз . 200 °C температураны 20 минутқа қалдырыңыз.

5. 20 минуттан кейін тұмшапешті өшіріңіз.

- ▶ Дайындық үшін қосқанда өндірістік қалдықтар жанатындықтан, соған тән иіс пен аздап түтін шығады. Бұл әсте қалыпты жағдай, бірақ дайындалу кезінде бөлмедегі ауа айналымын қамтамасыз ету керек.
- ▶ Суыған соң тұмшапешті жұмсақ тазартқыш құрал жағылған дымқыл шүберекпен сүртіп, мұқият кептіріңіз.

5. Бу генераторын дайындау (Тек HOQ-F6QS үшін)

Бу генераторына бүйірдегі ойықтың жоғарғы сызығына дейін 200 мл ауыз су құйыңыз.

1. Нажмите на , чтобы включить режим  «Выпечка на пару».
2. Басыңыз , "Буға пісіру" режимін қосу үшін .
3. Басыңыз  нтаймерді 30 минутқа қою үшін.
4. Таңдау үшін басыңыз 
- ▶ Су деңгейінің индикаторы  және  жыпылықтай бастайды.
5. Басыңыз  бу генераторы толығымен суға толғанын растау үшін. Бағдарлама іске қосылады.

МАҢЫЗДЫ!

- ▶ Бу генераторы жұмыс істеп тұрғанда күйіп қалу қаупін болдырмау үшін тұмшашестің есігін ашпаңыз.
- ▶ Күйіп қалу қаупін болдырмау үшін бағдарлама аяқталғаннан кейін тұмшашестің есігін ашқанда ыстық бу шығатынын есіңізде сақтаңыз.
- ▶ Генераторды толтыру үшін тек таза ауыз су пайдаланыңыз.
- ▶ Бу генераторын судан басқа ешқандай сұйықтықпен толтырмаңыз.
- ▶ Бу генераторын суға толтырмай, бу генераторы режимін іске қоспаңыз.
- ▶ Микробтар көбеюіне жол бермеу үшін тұмшашестегі қалған суды төгіп тастаңыз.

Уақыт орнату функциясы

Уақыт баптауын  кез келген уақытта басып өзгертуге болады. Басыңыз  /  ас әзірлеу ұзақтығын, аяқталу уақытын, таймер және тәулік уақытын кезекпен белгілеу үшін қайта.

- ▶ Таймер пісірудің соңғы сағатына дейін минуттармен (сағат: мин) кері санақ жүргізеді, содан кейін секундтармен (мин: сек) кері санақ жүргізіледі.
- ▶ Таймер қоюға болатын максимал уақыт – 23 сағат 59 минут.

1. Пісіру уақытының ұзақтығын орнату

1. Басыңыз  /  ас әзірлеу уақытының индикаторы пайда болады .
2. Көмегімен уақытты белгілеңіз .
3. Пісіру уақыты саусағыңызды басқару тақтасынан алғаннан кейін 6 секундтан кейін белгіленеді.

- ▶ Тәулік уақытын қарау үшін басыңыз  /  таңдау үшін . Бұл әрекет таймердің жұмысына әсер етпейді.

Пісіру ұзақтығының баптауларын өзгерту

1. Басыңыз  /  пісіру уақытын белгілеу үшін .
2. Жаңа уақытты көмегімен белгілеңіз .
3. Саусағыңызды панельден алыңыз, сонда уақыт расталады.

Белгіленген уақыт аяқталғанда

- ▶ Дисплейде "END" жазуы пайда болады және бірнеше секунд сайын естілетін дыбыстық сигнал шығады.
- ▶ Дисплейге соңғы қолдану ұзақтығы туралы хабарлама шығады.

МАҢЫЗДЫ:

- ▶ Егер дайындау ұзақтығын белгілемей ас әзірлей бастасаңыз, тұмшапеш сіз қолмен тоқтатқанша үздіксіз жұмыс істейтін болады, ал дисплейде уақыт санау 00:00-ден басталады.
- ▶ Егер дисплейде уақыт саналып жатса және сіз ұзақтығын белгілесеніз, дисплей белгіленген уақыт аяқталғанша кері санау жүргізеді.
- ▶ Егер пісіру ұзақтығын орнатса, тұмшапеш көрсетілген уақыт өткен соң өшеді.
- ▶ Автоматты түрде нан пісіру (Тек HOQ-F6QS үшін), Авторецептілер және Акватазарту функциялары үшін ұзақтығын белгілеу мүмкін емес.

2. Таймерді орнату

Уақытты кері санау.

Уақытты кері санауды орнату бұл функция құрылғының жұмысына әсер етпейді.

Уақытты таңдаңыз және орнатыңыз. Уақыт аяқталған соң дыбыстық сигнал беріледі. Таймерді тұшпапеш өшіп тұрғанда да орнатуға болады.

Жұмыс басталғанын немесе аяқталғанын еске салу үшін таймерді орнату.

1. Басыңыз  пайда болғанда, саусағыңызды басқару панелінен алыңыз индикаторы .
2. Көмегімен уақытты белгілеңіз .
3. Таймер саусағыңызды басқару тақтасынан алғаннан кейін 6 секундтан кейін орнатылады.
4. Дисплейде уақытты кері санау пайда болады.
5. Уақыт өткен соң бірнеше секунд дыбыстық сигнал беріледі.

Таймерді орнатуды тоқтату

1. Басыңыз  пайда болғанда, саусағыңызды басқару панелінен алыңыз индикаторы .
2. Бұраңыз , 00:00 уақытын орнату үшін басыңыз  таймерді болдырмау үшін

Жалпы ұсыныстар

Бұл тұмшапеште төрт элемент пен артқы желдеткіш жоғары өнімділік пен көптеген функцияларды қамтамасыз ету үшін әртүрлі комбинацияда қолданылады және тамаша дайындауды қамтамасыз ету үшін функциялар спектрі ауқымды.

1. Пісіру

Бұл тұмшапеште төрт элемент пен артқы желдеткіш жоғары өнімділік пен көптеген функцияларды қамтамасыз ету үшін әртүрлі комбинацияда қолданылады және тамаша дайындауды қамтамасыз ету үшін функциялар спектрі ауқымды.

- ▶ Тұмшапеш қызып жатқанда гриль элементі қосылуы мүмкін.
- ▶ Пісіру уақытының кем дегенде 3/4 бөлігі өткенше есікті ашпаңыз.
- ▶ Табалардың бір-біріне немесе тұмшапештің қабырғаларына тимеуін қадағалаңыз.
- ▶ Рецепт бойынша ингредиенттердің екі мөлшерін (әсіресе, піспенан) пісіру кезінде сізге уақытты бір-екі минутқа көбейту қажет болуы мүмкін.
- ▶ Ыдыс пісіру уақытына әсер етуі мүмкін. Қара ыдыс шағылдырғыш түріне қарағанда жылуды тез сіңіреді; әйнек ыдыс төменгі температураны қажет етеді.
- ▶ Бірнеше деңгейде пісіру үшін пісіру уақытын аздап арттыру қажет болуы мүмкін.
- ▶ Тамақты бірнеше деңгейде дайындаған кезде, ауа айналымын қамтамасыз ету үшін әрқашан деңгейлер арасында бос орын қалдырыңыз.

Сөрелердің орналасуы бойынша нұсқаулар

Ыдысыңыздың жоғарғы бөлігі тұмшапештің ортасына жақын тұратындай етіп қойыңыз.

2. Пісіру

- ▶ Ет, тауық еті немесе көкөніс пісіру үшін "Конвекциямен гриль" немесе "Конвекциямен пісіру" режимін қолданыңыз. Сүйексіз қуырдақ, орам түріндегі немесе салмасы бар тағам пісіру үшін сүйегі бар қуырдақ жасауға қарағанда көп уақыт қажет.
- ▶ Құс жақсы қуырылған, сәлі мөлдір, ал ішкі температурасы 75 °С болуға тиіс.
- ▶ Пісіру пакетін пайдаланған кезде «Конвекциясы бар гриль» немесе «Мәжбүрлі конвекция» режимін қолданыңыз және өндірушінің нұсқауларын орындаңыз.
- ▶ Егер сіз жабық қазотында пісіргіңіз келсе, «Конвекциясы бар гриль» функциясын қолданыңыз және температураны 20 °С-қа арттырыңыз.
- ▶ Еттің үлкен кесектерін ұзақ уақыт төмен температурада пісіріңіз. Ет біркелкі дайындалады.
- ▶ Әрқашан еттің майлы жағын жоғары қаратып қуырыңыз. Бұл жағдайда майлау қажет болмауы мүмкін.
- ▶ Пісіргеннен кейін сәлі ағып кетуіне мүмкіндік беру үшін ет әрқашан кем дегенде 10 минут жатуы керек.
- ▶ Ет тұмшашепстен шығарғаннан кейін тағы бірнеше минут пісіруін жалғастыратыны есіңізде болсын.

3. Гриль

- ▶ Бұл қуырудың анағұрлым пайдалы баламасы.
- ▶ «Гриль» режимінде әрқашан тұмшашептің есігін толық орнатыңыз.
- ▶ Егер сіз шыны немесе керамикалық қалып қолдансаңыз, олардың жоғары гриль температурасына төтеп беретініне көз жеткізіңіз.
- ▶ Етті тесіп алмау үшін немесе сәлі ағып кетпеу үшін қысқыш немесе қалақ пайдаланыңыз, олармен дайындау процесінің ортасында етті аударуға болады.
- ▶ Пісіру кезінде еттің ылғалдылығын сақтау үшін етті аздап майлаңыз. Грильде дайындамас бұрын етті маринадтауға болады (бірақ кейбір маринадтар оңай күйіп кетуі мүмкін екенін есте сақтаңыз).
- ▶ Мүмкіндігінше қалыңдығы бірдей ет кесектерін бір уақытта қуырыңыз. Бұл біркелкі пісіруді қамтамасыз етеді.
- ▶ Күйіп кетпеу үшін грильде дайындау кезінде тағамды мұқият қадағалаңыз.

Сөрелердің орналасуы бойынша нұсқаулар

Еттің жұқа бөліктері мен қуыруды немесе қызартуды қажет ететін тағамдар үшін сөрелердің жоғары позицияларын қолданыңыз.

Біркелкі пісіруді қамтамасыз ету үшін еттің қалың кесектерін төменгі сөрелерде немесе төмен температурада грильде дайындау керек.

4. Жылыту

- ▶ Тамақты жылыту үшін "Пісіру", "Конвекциямен пісіру" немесе "Буға пісіру" (тек HOQ-F6QS үшін) режимдерін пайдаланыңыз.
- ▶ "Пісіру", "Конвекциямен пісіру" режимдері әсіресе, кондитерлік өнімдерді қайта қыздыруға жақсы жарайды, өйткені негізгі қыздыру кезінде қамырда тағы қытырлақ қабық пайда болады.
- ▶ Өрқашан тағамды ыстық күйге дейін қыздырыңыз. Бұл зиянды бактериялар жұқтыру қаупін азайтады.

Тағамдар және гарнирлер	Функция	Температура (°C)	Уақыт (мин)	Деңгей
негізгі тамақ өнімдері	буға пісіру	120	10-15	3
ет	буға пісіру	120	10-15	3

5. Қолмен бу беру (Тек HOQ-F6QS үшін)

Бұл функция пісіру барысында бу беруді қолмен бірнеше рет іске қосуға мүмкіндік береді. Егер генераторда әлі су қалатын болса, бұл функция бір бағдарлама бойы бірнеше рет пайдаланылуы мүмкін.

1. Пісіруді бастар алдында бу генераторына 50 мл су құйыңыз.
2. Пісіргенде басыңыз  панельдің сол жақ бөлігіндегі. Бу 50 секунд ішінде шығарылады. Содан кейін таймер 50 секундтан бастап кері санақты бастайды.

Ескерту:

- ▶ Тұмшапешті алдын ала қыздырғанда қолмен бу беру функциясын пайдалануға болмайды.
- ▶ Қолмен бу беруді "Буға пісіру" немесе автоматты ас пісіретін кез келген бағдарламада пайдалануға болмайды.

МАҢЫЗДЫ!

- ▶ Бу генераторы жұмыс істеп тұрғанда күйіп қалу қаупін болдырмау үшін тұмшапештің есігін ашпаңыз.
- ▶ Тұмшапештің есігін ашқанда күйіп қалу қаупінің алдын алу үшін бағдарлама аяқталған соң ыстық будан сақтаныңыз.
- ▶ Генераторды толтыру үшін тек таза ауыз су пайдаланыңыз.
- ▶ Бу генераторын судан басқа ешқандай сұйықтықпен толтырмаңыз.
- ▶ Бу генераторын суға толтырмай, бу генераторы режимін іске қоспаңыз.
- ▶ Микробтардың көбеюіне жол бермеу үшін тұмшапештен қалған суды алыңыз.

Жалпы ұсыныстар

МАҢЫЗДЫ!

- ▶ Модельге байланысты сізге төмендегі кейбір функциялар ғана қолжетімді болуы мүмкін.
- ▶ Тұмшапеш функцияларын пайдаланғанда есігі жабық болуға тиіс.

1. Піскен нан

жоғарғы сыртқы және төменгі элементтер

- ▶ Жылу жоғарғы және төменгі элементтерден келеді. Бұл функцияда желдеткіш қолданылмайды.
- ▶ Ұзақ уақыт немесе төмен температурада пісіруді қажет ететін торттар мен тағамдар пісіруге өте ыңғайлы.
- ▶ Піспенан дайындау үшін 160~180°C температура ұсынылады.
- ▶ Тәтті нан дайындау үшін 160°C ұсынылады.
- ▶ Бұл функция бірнеше деңгейде тағам дайындауға ыңғайлы.

Шырынды жеміс пирогы сияқты ұзақ уақытты қажет ететін дымқыл өнімдерге өте ыңғайлы.

2. Мәжбүрлі конвекция

желдеткіш және артқы элемент

- ▶ Өртүрлі деңгейде тұрған қаңылтыр табаларда дайындалған піспенанның сырты қытырлақ және ортасы жұмсақ болады.
- ▶ Ет пен құс етінде төбет ашатын қабық түзіледі, ал іші селді және жұмсақ болады.
- ▶ Қыш құмыраларда тамақ дайындауға мінсіз жарайды. Қайта қыздыру тез және тиімді жүреді.
- ▶ Пісіру режиміне арналған рецептіні мәжбүрлі конвекция режиміне бейімдеу кезінде пісіру уақытын азайтуды немесе температураны шамамен 20°C төмендетуді ұсынамыз.
- ▶ Пісіру уақыты ұзағырақ (мысалы, бір сағаттан астам) өнімдер үшін уақытты да, температураны да азайту қажет болуы мүмкін.

Бисквит, піспенан, тоқаштар, маффиндер мен кекстер пісіру үшін өте қолайлы.

3. Конвекциялық гриль

желдеткіш пен жоғарғы ішкі және сыртқы элементтер

- ▶ Бұл функция қызарған қабық пайда болу үшін үстіңгі элементтердің қатты қызуын пайдаланады, ал желдеткіш тағамды біркелкі пісіру үшін қолданылады.
- ▶ Ет, құс еті мен көкөніс тамаша дайындалады; өнімдер қытырлап әрі сырттай қызарып піседі, ал іші сәлді және жұмсақ болады.

Сүйікті рецептіңіз бойынша бүтін тауық етін, сиыр етін немесе грильде тауық етін, балық және стейк жасау үшін мінсіз жарайды.

4. Классикалық пісіру

тек төменгі элемент

- ▶ Жылу тек төменгі элементтен келеді, желдеткіш қолданылмайды.
- ▶ Бұл ескі үлгідегі пештерге арналған рецептілерге сәйкес келетін дәстүрлі пісіру функциясы.
- ▶ Пісіру кезінде тек бір деңгейді қолданыңыз.
- ▶ Тұмшاپештің төбесі анағұрлым ыстық болады.

Абайлап пісіруді қажет ететін және қайнатқан қамыр, бәліш және чизкейк сияқты қамырға негізделген, сонымен қатар тікелей қыздыру мен бетін қызартуды қажет етпейтін тағамдарға мінсіз жарайды.

5. Конвекциямен пісіру

желдеткіш пен сыртқы жоғарғы және төменгі элементтер

- ▶ Тұмшاپештің желдеткіші жоғарғы сыртқы және төменгі элементтерден шыққан ыстық ауаны бағыттап, тұмшاپеш ішіне таратады
- ▶ Тағамдар дәстүрлі Пісіру функциясында дайындалған тағамдарға қарағанда тезірек қызарады.
- ▶ Сізге дәстүрлі рецептілерде ұсынылғанға қарағанда пісіру уақытын азайту қажет болуы мүмкін.
- ▶ Жеміс, көкөніс және шөпті 50°C сияқты төмен температурада кептіру үшін конвекциялық пісіру режимін қолданыңыз.

Бір деңгейде пісіруге өте ыңғайлы; маффиндер, тоқаштар және кекстер сияқты тағамдарды немесе, мысалы, энчиладас (ащы ет салмасы бар құймақ) дайындау бір сағаттан аз уақыт алады.

6. Гриль

жоғарғы ішкі және сыртқы элементтер

- ▶ Жоғарғы екі элемент те қарқынды жылу шығарады. Температурасының төменнен жоғарыға дейінгі диапазоны (100% қуат) 11 деңгейге бөлінген.
- ▶ Алдын ала қыздыру қажет емес, дегенмен кей адам тағамды грильдің астына қоймас бұрын элементті бірнеше минут қыздыруды жөн көреді.
- ▶ Бұл картоп гратені мен фриттатаның үстіңгі жағын қызарту сияқты көптеген тағамдарды "аяқтау" үшін ең қолайлы функция.

Нан қуыруға немесе тағамның жоғарғы жағын қызартуға өте ыңғайлы.

7. Қуырдақ

1- кезең: желдеткіш пен жоғарғы ішкі және сыртқы элементтер
2-кезең: жоғарғы сыртқы және төменгі элементтер

- ▶ Қуыру:
Еттің беткі бөлігінде қытырлақ алтын түстес қабықша пайда болу үшін алдын ала карамельдейтін 20 минуттық кезең.
- ▶ Белгіленген температурада пісіру:
қуырғаннан кейін температура сіз белгілеген деңгейге дейін көтеріледі және пісіру аяқталғанға дейін өзгермейді, соның арқасында қуырдақ жұмсақ әрі сәлді болады.
- ▶ Алдын ала қыздыру қажет емес. Функцияны тікелей іске қосу алдында азық-түлікті тұмшапешке орналастыру керек.
- ▶ Қажет болса, табандық немесе гриль торын қолданыңыз немесе көкөністерді ет сәлін сіңіру үшін қуырдақтың астына қойыңыз.
Бұл ет астындағы ыстық ауа айналымын қамтамасыз етеді.

Ет және көкөніс қуыруға мінсіз жарайды. Еттің үлкен кесегін пісіру үшін ұсынылады.

Үздік нәтижеге қол жеткізу үшін қосымша етке арналған термосүңгі пайдалануға болады.

МАҢЫЗДЫ!

Қуырдақ функциясы тұмшапеш екі кезеңде жұмыс істейтінін білдіреді: 1-кезең: Бастапқы 20 минутта тұмшапеш желдеткіш пен жоғарғы ішкі және сыртқы элементтерді (егер температура 250°C-қа жетсе, қыздыру автоматты тоқтайды) пайдаланады.

2-кезең: Температураны белгіленген деңгейге дейін төмендеткеннен кейін, пісіру жоғарғы ішкі және төменгі элементтерді қолдана отырып жалғасады.

- ▶ Егер пісіру уақыты 20 минуттан аз болса, тек 1-кезең қатысады.

8. Кондитерлік пісірме

желдеткіш және астыңғы элемент

Бұл функцияны 8 минут пайдаланған кезде АЛДЫН АЛА ҚЫЗДЫРУ 180°C-қа дейін орындалады.

- ▶ Желдеткіш астыңғы элементтен шыққан жылуды бүкіл тұмшапешке таратады.
- ▶ Қабығын жұмсақ қызарта отырып, тағамның негізін қарқынды қыздыруды қамтамасыз етеді.

Фриттата, киш сияқты қытырлақ негізді және үстіңгі қыртысты қажет ететін тәтті және дәмді кондитерлік өнімдер мен нәзік тағамдарды дайындауға өте ыңғайлы.


Үздік аспаз

Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін төмендегі кестені пайдалануды ұсынамыз. Әрбір функцияның алдын ала орнатылған температурасы бар, оны тағамның түріне және салмағына қарай өзгертуге болады.

Белгіше	Функция	Алын ала белгіленген температура (°C)	Температура диапазоны (°C)	Пісіру ұзақтығының диапазоны	Алдын ала қыздыру	Қолмен беру (Тек HOQ-F6QS үшін)
	Піскен нан	180	30-300	0:01-23:59	✓	✓
	Мәжбүрлі конвекция	160	30-300		✓	✓
	Конвекциялық гриль	180	30-250		✗	✗
	Классикалық пісіру	160	30~220		✓	✗
	Выпечка с конвекцией	200	30-250		✓	✓
	Гриль	ЖОҒАРЫ	ТӨМЕН, 1-9, ЖОҒАРЫ		✗	✗
	Қуырдақ	165	30-250		✗	✗
	Кондитерлік пісірме	160	30-220		✓	✓

АРНАЙЫ БАҒДАРЛАМАЛАР

Арнайы бағдарламалар сізге тиімдірек әрі дәмді пісіруге көмектеседі. Бұл режимде құрылғыны тазалауды да таңдауға болады.



Арнайы бағдарлама таңдау үшін функциялар селекторын бұраңыз.

1. Жылыту

Мыналар үшін мінсіз жарайды:

дайын тағамдардың температурасын ұстап тұру немесе тағам даярлайтын төрелкелерді жылыту.

- ▶ 90°C және одан төмен температурада тұрақты жылуды қамтамасыз етеді.
- ▶ Суық өнімдерді жылытқанда басқа функция қолданыңыз немесе тағамды азық-түлік типіне қарап әзірлеңіз, содан соң ЖЫЛЫТУҒА өтіңіз, өйткені бұл функция зиян бактерияларды жою үшін суық тамақты өздігінен жеткілікті жоғары температураға дейін қыздыра алмайды.

2. Еріту функциясын пайдалану

Бұл функцияны тағамды пісірер алдында еріту үшін пайдаланыңыз.

МАҢЫЗДЫ!

Еріту үшін төмен температура қажет.

Тұмшапеш автоматты түрде белгіленген температурада жұмыс істейді.

1. Бұраңыз  ерітуге дейін.

Ескерту. Дисплейге белгіленген 40 °C температура шығады.

2. Азық-түлікті қаптамадан шығарып, төрелкеге салыңыз. Азық-түлікті табақ немесе төрелкемен жаппаңыз, өйткені бұл жібіту уақытын ұзартуы мүмкін. Төменгі бөлігіндегі бірінші деңгейді пайдаланыңыз.

3. Басыңыз  ерітуді бастау үшін

Қажет болса, еріту уақытын орнатуға болады, дисплейде қалған уақытты кері санау жүреді.

3. Қамырды толықсытуға арналған функцияны пайдалану

Бұл функцияны пісірер алдында қамырды толықсыту үшін пайдаланыңыз. Қажет болса қамырды бірнеше рет толықсытуға болады.

МАҢЫЗДЫ!

- ▶ Қамырды тексеру үшін төмен температура қажет. Тұмшапеш автоматты түрде белгіленген температурада жұмыс істейді.
- ▶ Бұл функция тұмшапеш іші суыған кезде ғана жұмыс істейді.


1. Бұраңыз  қамырды толықсыту функциясын таңдау үшін. Дисплей алдын ала орнатылған 35°C температураны көрсетеді. Ескерту: егер тұмшапештің іші тым ыстық болса:

- ▶ Дыбыстық сигнал беріліп, индикатор жыпылықтайды  және желдеткіш іске қосылуы мүмкін.

▶ Тұмшапеш салқындау үшін есігін ашыңыз. Қамырды ыстыққа төзімді ыдысқа салып, полиэтилен үлдірмен және/немесе таза дымқыл шүберекпен жабыңыз, содан кейін ыдысты тұмшапештің ортасына қойыңыз.

2. Сіз аспаздық тәжірибеңізге байланысты қамырды тексеру уақытын белгілей аласыз.

3. Басыңыз  қамырды толықсыту функциясын іске қосу үшін.



Егер сіз уақытты белгілесеніз, дисплейде қалған уақыт кері санала бастайды.

МАҢЫЗДЫ!

Тұмшапеш суығанша оған қамыр салмаңыз. 4.

- ▶ Егер сіз қамыр толықсыту уақытын белгілесеніз, бұл функцияның жұмысы аяқталғанда дыбыстық сигнал естіледі және ыдысты тұмшапештен алуға болады. Қамырдың жеткілікті көтерілгенін тексеріңіз (қамырдың көлемі кәдімгідей ұлғаюға тиіс). Қамырдың дайын болғанын тексеру үшін саусақпен ақырын басып көріңіз. Басқан жеріңіз баяу қалпына келуі керек.
- ▶ Егер сіз қамырды толықсыту уақытын белгілемесеніз, процесті қадағалап, функцияны  қамырды толықсыту аяқталғанда өшіру керек.

Егер қамырды қайта толықсыту қажет болса:

- ▶ Басыңыз , бұраңыз қамырды толықсыту функциясына оралу үшін.
- ▶ Қамырды толықсыту функциясын қайта іске қосу үшін алдыңғы бетте сипатталған әрекеттерді орындаңыз.

5. Қамырды толықсыту функциясын тоқтату үшін

Басқа функция таңдау үшін басып, ұстап тұрыңыз.

4. Аэрогриль

Мұздатылған тағамдарды немесе әдетте клярдағы және ұнға аунатылған жартылай дайын тағамдарды пісіруге мінсіз жарайды.

- ▶ Пісірудің жақсы нәтижесіне қол жеткізу үшін тағамды пісіру табағына немесе аэрогриль себетіне салыңыз.
- ▶ Бұл режим аэрогрильде пісіру шарттарын қайталайды.
- ▶ Қуырудың пайдалы әдісі, онда тағамдар аз мөлшерде қолданылған маймен қытырлақ болады. Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін өнімдерді 1-2 ас қасық маймен майлаңыз.
- ▶ Қаптамадағы өнімдер үшін: егер өндіруші желдеткішті пайдаланбай дайындауды ұсынса, температураны 20°C (70°F) төмендетіңіз.
- ▶ Бір сәреде пісіру: тұмшашаптың жоғарғы жағында пісіріңіз, бірақ ең жоғарғы сәреде емес.
- ▶ Алдын ала қыздыру қажет емес.

Өнім	Сәрелер	Температура (°C)	Уақыт (мин)	Сәре деңгейі
Чипстер	Қаңылтыр таба	205	15~20	4
Чипстер	Аэрогриль себеті	205	15~20	3
Дерундар	Топ	200	20~25	3
Тауық нагетстері	Қаңылтыр таба	200	18~23	4
Тауық нагетстері	Аэрогриль себеті	205	18~23	3
Тауық қанаттары	Топ	180	20~25	3

5. Пицца

Бұл функцияны 18 минут бойы пайдаланған кезде АЛДЫН АЛА ҚЫЗДЫРУ 300°С дейін орындалады.

- ▶ Желдеткіш пештің төменгі бөлігінен шыққан жылудың айналымын қамтамасыз етеді.
- ▶ Пицца дайындауға жақсы жарайды, өйткені салмасын артық қуырмай, негізін жақсы қуырады.
- ▶ Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін пицца табасын кем дегенде 1 сағат қыздырыңыз және тұмшاپеш сәресінде 1 немесе 2 күйінде пісіріңіз.

Пицца	Типі	Аксессуарлар/ ыдыс-аяқ	Сәре деңгейі	Температура в °С	Пісіру уақыты минутпен
Мұздатылған	Жұқа қамырда	Сым тор	2	190~210	15~20
	Классикалық қамырда	Сым тор	2	180~200	20~25
Үйде дайындалған	Жұқа қамырда	Пісірмеге арналған қаңылтыр таба	2	230~250	10~15
	Жұқа қамырда	Пиццаға арналған қаңылтыр таба	2	230~250	8~12
	Классикалық қамырда	Пісірмеге арналған қаңылтыр таба	2	210~220	15~20
	Классикалық қамырда	Противень для пиццы	2	210~220	15~20
	Жұқа қамырда	Пісірмеге арналған қаңылтыр таба	2	300	4~6
	Жұқа қамырда	Пиццаға арналған қаңылтыр таба	2	300	3~5

МАҢЫЗДЫ!

Егер Пицца режимінің ұзақтығы белгіленбесе, тұмшاپеш сіз қолмен өшіргенше жұмыс істей береді. Тұмшاپештегі тағам қатты пісіп кетпеу үшін оны мұқият қадағалаңыз.

6. Кептіру

желдеткіш және артқы элемент

Кептіру – бұл жеміс, көкөніс және шөпті тамаша нәтижемен кептіруге мүмкіндік беретін ақырын қыздыру режимі.

Дайындаудың бұл әдісімен кептіру нәтижесінде өнімдердің хош иісі күшейе түседі. Бұл функцияның көмегімен тағамдар, бұқтырылған тағамдар және бұқтырылған пісірмелер сияқты баяу қайнатуды қажет ететін тағамдарды дайындауға болады.

Құрылғы тамақ әзірлейтін бөлімге энергия берілуін барынша қадағалайды. Тағамдар қалдық жылуды қолдана отырып, кезең-кезеңмен дайындалады. Бұл олардың сөлді болып, аздап қуырылатынын білдіреді.

Кептіру үшін тек бүлінбеген жеміс, көкөніс және шөп қолданыңыз, оларды жақсылап жуыңыз. Сым торға ыстық өткізбейтін немесе пергамент қағаз төсеңіз. Жемістерден артық суды ағызып, құрғатыңыз.

Ұсынылатын температура 60-110°C.

Қажет болса, жемістерді бірдей бөліктерге бөліңіз немесе жұқа тілімдерге кесіңіз. Аршылмаған жемістерді табаққа кесігін жоғары қаратып салыңыз. Жемістер де, саңырауқұлақтар да сым торына тиіп кетпейтініне көз жеткізіңіз.

Көкөністерді үккіштен өткізіп, содан кейін оларды шарпылаңыз. Шарпылған көкөністердің шырынын ағызып, оларды сым торына біркелкі қойыңыз.

Көк шөпті сабағымен бірге кептіру керек. Көк шөпті сым торына біркелкі және сәл үймелеп жайыңыз.

Өте шырынды жемістер мен көкөністерді бірнеше рет аударыңыз. Кептіру аяқталғаннан кейін кепкен өнімдерді дереу қағаздан алыңыз.

Бұл функция негізінен тағам дайындағанда энергия үнемдеуге арналған.

Жемістерді, көкөністер мен шөпті кептіруге өте ыңғайлы.

Мәзір	Дайындық	Темп. (°C)	Уақыт	Сәре деңгейі
Қырыққабат жапырағы	Қайнату	70	1 ч 30 мин	3
Қасқыржем үрмебұршақтары	Қайнату	55	3 ч	3
Тәтті картоп бөліктері	Булау	55	13 ч, переверните через 2 часа	3
Манго тілімдері	/	70	8 ч, переверните через 4 часа	3
Банан тілімдері	Тұзды суға шылау	55	7 ч, переверните через 2 часа	3
Лимон бөліктері	/	55	15 ч, переверните через 2 часа	3
Алма бөліктері	Тұзды суға шылау	55	8 ч, переверните через 2 часа	3
Шикі майсыз шошқа еті	/	55	7 ч, переверните через 2 часа	3
Шикі тауық төс еті	/	70	5 ч, переверните через 1 час	3
Қабыршақты асшаяндар	Қайнату	70	6 ч, переверните через 2 часа	3
Ысталған сиыр еті	Қайнату және маринадтау	90	2 ч	3

7. Вакуумда дайындау



1. Бұл функцияны әдеттегіден төмен температурада пісіру үшін пайдаланыңыз. Сіз ет, көкөніс немесе жемістерді олар өте жұмсақ әрі селді болатындай етіп дайындай аласыз. Тағам сапасының барынша жақсы болуын қамтамасыз ету үшін азық-түлікті асқан сақтықпен қолданыңыз.

АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН МАҢЫЗДЫ:

- ▶ Жоғары сапалы және барынша балғын азық-түлікті пайдаланыңыз.
- ▶ Шикі азық-түлікті өзірлемес бұрын әрдайым тиісті шарттарға сай сақтаңыз.
- ▶ Тағам дайындамас бұрын үнемі азық-түлікті жуыңыз.
- ▶ Сапалы әрі қауіпсіз ас дайындау үшін азық-түлікті ас дайындау кестесінде көрсетілген мәндерге сай дайындаңыз.
- ▶ Қауіпті болдырмау үшін өнімдер тұмшапеште 60 °C-тан төмен температурада ұзақ тұрмауы керек.
- ▶ Әсіресе, төмен пісіру температурасын тек шикідей жеуге болатын өнімдерге және қысқа уақытқа ғана қолдануға болады.
- ▶ Вакуумда пісіргеннен кейін тұмшапештен шыққан тағамдар өте дәмді болады, оларды пісіргеннен кейін бірден жеуге кеңес беріледі. Сіз мыналарды істей аласыз:
 - температураны жылдам түсіру (азық-түлікті мұз салған ыдысқа салып, тоңазытқышқа қоюға болады), азық-түлікті тоңазытқышта 2-3 күн сақтауға болады
- ▶ Қалған тамақты қайта жылыту үшін вакуумда дайындау функциясын пайдаланбаңыз.
- ▶ Шикі және піскен азық-түліктің жанасуын болдырмау үшін оларды бөлек сақтаңыз.
- ▶ Ет пен көкөніс үшін бір ғана керек-жарақты пайдаланбаңыз. Кері жағдайда ас үй жабдықтарын мұқият жуу керек.
- ▶ Рецепттерде шикі жұмыртқа болғанда, ақуыз бен сарысының жұмыртқа қабығының сыртқы бөлігіне тиюіне жол бермеңіз.

ВАКУУМДА ПІСІРУ КЕЗІНДЕ МАҢЫЗДЫ:

- ▶ Вакуумда даярлау функциясы үшін вакуумды қаптағыш пен вакуумды пакеттер қажет.
- ▶ Егер сіз вакууммен сұйықтық қаптауды қаласаңыз, камералық вакуумды қаптағыш қолданыңыз. Бұл функция тек осы типтегі қаптамалармен жабдықталған.

- ▶ Вакуумда даярлау функциясына сай келетін вакуум пакеттер пайдаланыңыз.
- ▶ Вакуумды пакеттерді қайта пайдаланбаңыз.
- ▶ Біркелкі пісіруге қол жеткізу үшін өнімдерді үшінші деңгейдің ортасына қойыңыз.
- ▶ Пісіруді тезірек және біркелкі ету үшін вакуумның максимал дәрежесін орнатыңыз.
- ▶ Вакуумды пакеттің сенімді жабылуын қамтамасыз ету үшін герметикалық аймақтың ластанбағанына көз жеткізіңіз.

2. Вакуумда дайындауға қатысты жалпы кеңестер:

- ▶ Сіз тағамға аздап май және дәміне қарай дәмдеуіш қоса аласыз.
- ▶ Вакуумда пісірудің басында орташа мөлшерде дәмдеуіш қосыңыз.
- ▶ Шикі сарымсақтың орнына сарымсақ ұнтағын қолданыңыз.
- ▶ Зәйтүн майының орнына бейтарап майды қолдануға болады.
- ▶ Тамақты тезірек және біркелкі пісіру үшін вакуумдау дәрежесін мүмкіндігінше жоғары ұстаңыз (99,9%).

2.1 Вакуумда пісіру: ет

- ▶ Дұрыс қуырылмай қалуын бодырмау үшін кестеде көрсетілгеннен жуан ет кесегін пайдаланбаңыз.
- ▶ Кестелерде ас дайындаудың минимал қажет уақыты көрсетілген. Пісіру уақытын өз қалауыңызға сәйкес ұзартуға болады.
- ▶ Вакуумды пакеттерге зақым келтірмеу үшін тек сүйексіз етті қолданыңыз.
- ▶ Құстың төс еті дәмдірек болу үшін вакуумда дайындар алдында не содан кейін оны тері жағынан қуырыңыз.
- ▶ Вакуумда даярлап болған соң еттің беткі бөлігін сары майға қуырыңыз, дәмі әлдеқайда жақсы болады.

Өнім	Өнімнің қалыңдығы	Өнім саны (г)	Темп. (°С)	Уақыт (мин)	Сөре деңгейі
Сиыр еті					
Сиыр етінің сүбесі орташа қуырылған	4 см	400	63	120	3
Сиыр етінің сүбесі толық дерлік қуырылған қой еті	4 см	400	66	120	3
Сиыр етінің сүбесі толық қуырылған	4 см	400	70	120	3
Бұзау етінің сүбесі орташа қуырылған	4 см	400	60	120	3
Бұзау етінің сүбесі толық қуырылған	4 см	400	65	120	3
Қой еті және басқа ет					
Орташа қуырылған қой еті	3 см	400	65	105-115	3
Шошқа еті	3 см	400	90	120	3
Сүйексіз қоян еті	1,5 см	400	75	120	3
Сүйексіз қоян еті					
Тауықтың сүйексіз сүйексіз төс еті	3 см	500	70	120	3
Үйректің сүйексіз сүйексіз төс еті	2 см	500	65	140-160	3
Үндік етінің сүйексіз төс еті	2 см	500	70	75-85	3
Төмен температурада дайындалған жұмыртқа					
Тостарға мінсіз жарайды	Қалыпты өлшем	/	60	90	3
Жұмыртқаның сарысы иілгіш, пішінін сақтайтын, жұмсақ және жылтыр	Қалыпты өлшем	/	65	90	3
Жұмыртқаның сарысы қатая бастайды, бірақ әлі де жұмсақ	Қалыпты өлшем	/	71	60	3
Сарысы түйіршікті және ыдырайды, жасыл түске ие бола бастайды	Қалыпты өлшем	/	80	60	3

2.2 Вакуумда дайындау: балық және теңіз өнімдері

- ▶ Дұрыс қуырылмауын болдырмау үшін кестеде көрсетілгеннен жуан балық кесектерін пайдаланбаңыз.
- ▶ Вакуумды пакетке салмас бұрын балық сүбесін қағаз сүлгімен құрғатыңыз.
- ▶ Мидияларды дайындаған кезде вакуумды пакетке аздап су қосыңыз.

Өнім	Өнімнің қалыңдығы	Өнім саны (г)	Темп. (°C)	Уақыт (мин)	Сәре деңгейі
Балық және теңіз өнімдері					
Теңіз табан балығының сүбесі	4 сүбе 1 см	500	70	25	3
